Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған **«Сейфуллин оқулары – 9:** жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно- теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения – 9:** новый вектор развития высшего образования и науки**»** посвященная дню Первого Президента Республики Казахстан. – 2013. – Т.II, ч.2. – Б.209-210

ЭКСПО-2017 БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТІНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТИІМДІЛІГІ

Ибраева А.Ж.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өткен жылдың аяғында «Қазақстан – 2050 стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауын жария етті. Сонымен бірге Президент «Стратегия – 2030» Жолдауында белгіленген біраз міндеттер мерзімінен бұрын орындалғанын, сонымен қатар жаңа стратегия «Стратегия – 2030» шеңберінде өткізілген реформалардың жалғасы екендігін мәлімдеді.

Стратегия-2030 бағдарламасын қабылдағаннан бері, нақтырақ айтсақ он бес жыл ішінде республикамыз қарқынды дамудың арқасында әлемде барлық салада белсенді дамып жатқан бәсекелестік елдердің қатарына кірді.

Сонымен қатар 2030 бағдарлама шеңберінде еліміз мемлкеттік басқарудың тиімді жүйесін, қуатты да табысты мемлекетті құрып, демократияландыру мен қоғамдық тұрақтылық пен келісімді қамтамасыз еткен күшті әлеуметтік саясатты қалыптастырып, қысқа мерзім ішінде шетелдік инвестициялар мен ішкі салымдардың деңгейі жоғары ашық нарықтық экономикаға негізделген экономикалық өсімге жеткенін айтып кеткім келеді.

Бүгінде Қазақстанның әлемдегі экономикасы шапшаң өсіп келе жатқан алдыңғы үштіктің санатында екені белгілі. Бұған қалай қуанбассың. Еліміз тұрғындардың әл-ауқатының жаһандық рейтингісінде әлемнің алғашқы 50 мемлекетінің қатарында. Қазақстандықтардың өмір сүру ұзақтығы айтарлықтай өсті, ана мен бала өлімі де біршама азайды.

Мақтанышпен айтатын тағы бір жайт бағдарламаның іске асыруының жетістіктерін халықаралық қоғам танып, 148 елдердің ішінен 104 ел ЭКСПО-2017-ні Қазақстан мемлекетіне өткізуге сенім білдіргені.

Астана ЭКСПО 2017 көрмесінің түйінді ұғымдары – «әлеуметтік-экономикалық» және «экологиялық тұрақты» – энергияны тұрақты даму мәнмәтінінде пайдалану туралы ойлану нәтижесінде қалыптасады.

Әлеуметтік-экономикалық салаға қатысты жоба шеңберінде қарастырылатын түйінді ұғымдарды келесі түрде жалпылауға болады:

• Қалпына келтірілетін қуат көздерін және энергияның басқа да баламалы түрлерін пайдалануға ынталандыру.

• Энергияны тұтыну тиімділігі және ұтымды пайдалану.

• Көлікті электрлендіру.

• Көпшіліктің экологиялық таза энергияға қолжетімділігі.

• Энергиямен қамтамасыз етілгендік.

• Энергия мен материяның, тіршілік пен адамның бөлінбеушілігі.

Қоршаған ортаға қатысты:

• Басты электр энергиясы ретінде пайдаланудағы шектеулі және қоршаған ортаны қатты ластаушы қазбалы қуат көздері.

• Жаһандық жылыну және ауа-райының өзгеруі.

• Қоршаған ортаның ластануы және денсаулыққа қауіп-қатері.

• Қазбалы жанармайды пайдалану және көмірқышқыл газының шығарылуын азайту.

Осылайша: «БОЛАШАҚ ЭНЕРГИЯСЫ» тақырыбына халықаралық көрме өткізу біздің тіршілігіміздегі басты мағынаға ие болатын және біздің өміріміздің қауіпсіздігі мен сапасын арттыруда шешуші рөл атқаратын мәселе туралы ойлануға мәжбүр етеді.

Бұл мәселе көліктерімізді энергиямен жабдықтауда, үйлерімізді жылытуда және қалаларымызды жарықтандыруда пайдаланатын азды-көпті дәстүрлі қуат көздерінің үдемелі ескіруі, толығу мүмкіншілігінің жоқтығы және оларды пайдаланудың біздің планетамызға, денсаулығымызға және қауіпсіздігімізге күрделі әсер етуі сенімсіздік пен қамкөңілдік тудыратын кезеңде әсіресе өзекті болып табылады.

Сондықтан, Астана ЭКСПО 2017 көрмесі тәрізді оқиға үшін тұрақты дамуға бағытталған барынша орынды және тиімді шаралар кешенін қолдау мақсатында БОЛАШАҚ ЭНЕРГИЯСЫНЫҢ мүмкіндіктеріне қатысты мәселелерді қарастыру заңдылық қана емес, сонымен қатар аса қажетті болып отыр.

Астана ЭКСПО 2017 көрмесі бізге біздің денсаулығымыз бен қоршаған орта қауіпсіздігін қамтумен қатар экономикалық және әлеуметтік дамуды тездетуге қатысты адамзат алдындағы міндеттер мен мәселелерді ескере отырып, қуат тасымалдаушыларына жалпы, жаһандық көзқараспен қарауға көмектеседі. Осы міндеттер мен мәселелердің сәтті шешімін табу көптеген факторларға, оның ішінде біздің әрқайсымыздың жеке қатысуымызға да байланысты болмақ.

Мақтанышпен айтатын тағы бір жайт бағдарламаның іске асыруының жетістіктерін халықаралық қоғам танып, 148 елдердің ішінен 104 ел ЭКСПО-2017-ні Қазақстан мемлекетіне өткізуге сенім білдіргені.

ЭКСПО-2017-і Қазақстан экономикасының бұдан әрі дамуына септігін тигізеді. Жаңа нысандар мен коммуникацияларды салуға инвестициялар тартылып, «жасыл экономикада» дамытылатын болады. ЭКСПО-2017-і өткізу әлімдік қауымдастықта Мемлекетімізді тануға, туристік саланы өркеңдетуге мүмкіндік береді.